

АНЫҚТАМА

Гумин қышқылдары – құрылымдары ұқсас, молекулалық салмақтары бойынша ерекшеленетін органикалық қосылыстар.

Саз – негізінен сазды минералдардан (каолинит, монтмориллинит) тұратын, иілгіш қасиеті бар шөгінді тау жыныстары.

Реология – сұйық, газ тәріздес және пластикалық заттардың ағымдылығын, сондай-ақ қатты денелердің деформациясына байланысты процестерді зерттеумен айналысатын ғылым.

Реологиялық қасиет – сұйықтықтардың ағын түріне әсер ететін қасиеті.

Бентонит – кеуектесе және қабаттаса орналасқан бөлшектерден және гидратталған алюминий силикатынан тұратын коллоидтық саз балшық.

Көмірсілтілі реагент – гумин қышқылдары бар қоңыр көмірлерді сілтімен өңдеу нәтижесінде алынған өнім.

Тиксотропия – механикалық әсер етуден бұзылған дисперсті жүйелердің алғашқы құрылысының қайта қалпына келу қабілеттілігі.

Иілгішті (құрылым) тұтқырлық – бұрғылау ерітіндісінің ағынында құрылым тұзу кезінде пайда болатын тиімді тұтқырлық бөлігін көрсететін шартты шама.

Тиімді (қатысты) тұтқырлық – белгілі қозғалу жылдамдығы кезінде бұрғылау ерітіндісінің тұтқырлықты кедергісін сипаттайтын шама.

Агрегация – қырдың қырмен байланысы, бұл кезде қатты пластина пайда болады, бөлшектер саны азаяды, соған сәйкес құрылымды тұтқырлық та азаяды.

Дисперсия – агрегацияға кері процесс, құрылымды тұтқырлық өскен сайын бөлшектер шамасы да өседі. Саз пластинкалары гидратация кезінде дисперстеледі.

Кинетикалық тұрақтылық – дисперсті жүйенің кинетикалық тұрақтылығы дисперсті бөлшектердің қалқып тұра алу қабілеті.

Дисперсті жүйенің агрегативті тұрақтылығы – бөлшектердің жабыспай және агрегат түзе алмауы.

Коагуляция – молекулалардың тартылу күші әсерінен дисперсті жүйедегі дисперсті фаза бөлшектерінің жабысып қалуы.

Бұрғылау жуу сұйықтығының құрылымды-механикалық қасиеті – бұрғылау ерітіндісінің механикалық қасиеттері (иілгіштік, серпімділік, майысқақтық, беріктік)

Ығысудың статикалық кернеуі – бірлік аудандағы құрылымды бұзуға кеткен күш.